

## Курчатов қаласында шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Абай облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2023 жылғы 4 мамырдағы № 3/23 -VII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 11 мамырда № 69-18 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2023 жылғы 30 қарашадағы № 12/71-VIII шешімі.

**Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Курчатов қалалық мәслихатының 30.11.2023 № 12/71-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Курчатов қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Курчатов қаласында туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелері 2023 жылы болу құнының 5 (бес) пайызы болып бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Курчатов қалалық мәслихатының төрайымы*

*Г. Хусайнова*